

«Малика» мектепке дейінгі шағын орталығының

әдістемелік кеңес отырысы Хаттама №4

Уақыты: 10 мамыр 2023 жыл
Әдістемелік кеңес төрайымы: К.Джаксибаева
Хатшы: А.Ахмадияр
Қатысқаны -9

Күн тәртібінде:

1. №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау.
3. Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынатын педагог кандидатурасын қарау.
4. Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттер.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ортаалық әдіскері К.Джаксибаева №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің толық орындалғандығы жайлы айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша 2022-2023 оқу жылындағы жылдық жоспар толығымен орындалды. Әдістемелік кеңестер жоспарға сай өткізілді. Жұмыс барасында тәрбиешілерге әдістемелік кеңестер берілді. Атап айтқанда, «Тәрбиеші -басты тұлға», «Мектеп жасына дейінгі балалардың қимыл-қозғалыс ойындарын ұйымдастыру және ерекшеліктері», «Мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие үдерісіндегі денсаулық сақтау технологияларының ерекшеліктері», «Рухани тәрбие — құндылық мәні», «Ұлттық ойынның маңызы», «Балалардың бойындағы шығрмашылық қасиеттерін дамыту жолдары», «Тіл дамытудың әдіс-тәсілдері» т.б. тақырыптарында кеңестер берілді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде мадақтауға орталықтың екі тәрбиешісі қалалық білім басқармасының мақтау қағазына ұсыну жөнінде айтып өтті.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша 2023-2024 оқу жылының мақсат –міндеттері айтылды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты мен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында:

- 1) тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;
- 2) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны;
- 3) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;

4) сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;

5) ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылатын болатындығына тоқталды.

Сонымен бірге, тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;

- коммуникативтік дағдыларды дамыту;

- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;

шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;

- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылатындығын атап көрсетті..

Әдістемелік кеңес шешімі:

1. №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттарналық деп есептелінсін..
2. Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы қорытындысы қанағаттанарлық.
3. Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде екі тәрбиеші қалалық білім басқармасының мақтау қағазына ұсынылсын.
4. 2023-2024 оқу жылының мақсат-міндеттері бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы  Джаксибаева

Хатшы:

Ахмадияр